

**Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің Қамыстыкөл нүктесінде орналасқан "Сержан" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 маусымда № 3-9-205 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 02.11.2018 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекция басшысының 2018 жылғы 04 маусымдағы № 2-12-4/92 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің Қамыстыкөл нүктесінде орналасқан "Сержан" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК